

Адам дүниені сезім мүшелерінің көмегімен, түйсіктерінің жиынтығы арқылы таниды деп мойындағанымен, материалдық дүниенің реалды өмір сүретіндігіне күмән келтіреді. Оның пікірінше, адамның ақылы сезім мүшелері беретін білімнен басқа білім бере алмайды, өзінің рухани тәжірибесінен басқаны қорыта алмайды. Юмнің ойынша, тәжірибе дегеніміз әсерлер ағыны, оның себептері түсініксіз және тәжірибені логикалық жолмен дәлелдеу мүмкін емес., сондықтан тәжірибелік білім дұрыс бола алмайды. Юм осылайша себеп-салдарлық байланысқа қарсы шығады, себептіліктің объективтік сипатын тану мүмкін емес деген тұжырым жасайды. Бірақ, оның ойынша, субъективтік себептілік бар, ол сезімдік әсерлердің идеяларды туғызуы. Мысалы, адамдар Күннің күн сайын шығатынына сенімді. Бұл сенімнің негізі –осы құбылыстың күнде қайталатыны. Яғни, адамдардың практикалық сенімнің бастауы теориялық білім емес, қалыптасқан дағды-сенім. Осылайша Юмнің біржақты эмпиризмі, оны рационализмнен бөліп қарауы дүниені танып-білуге болмайды деген **агностицизмге** әкеліп соқты.



Давид
Юм